- Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Неке және отбасы туралы" заңдарын және басқа білім беру мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілерді;
- ҚР Еңбек кодексін;
- Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелері мен нормаларын;
- педагогиканы, жас ерекшеліктеріне тән психологияны, оқыту әдістемесін; мектеп гигиенасын;
- физиология және социология негіздерін;
- "Шардара" мектеп-лицейі қызметінің маңызын;
- ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктерін;
- бағдарламалық-әдістемелік құжаттамаларды.

Сондай-ақ өз қызметінде барлық деңгейдегі білім беру ісін басқару органдарының оқушыларға білім және тәрбие беру мәселелері жөніндегі шешімдерін, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерді (соның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, осы лауазымдық нұсқаулықты), еңбек шарттарын (келісім-шарттарды) басшылыққа алады. Бала құқықтары туралы конвенцияны сақтайды.

1.6. Аға вожатый компьютерлерді және басқа да ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, Internet желілерін тиімді пайдалана білуі тиіс.

2. Функциялары

Аға вожатый қызметінің негізгі бағыттары мыналар:

2.1. Балалар қоғамдық ұйымдары, бірлестіктері қызметінің дамуына, олардың өзін-өзі басқаруын дамытуға ықпал жасау.

2.2. Оқушылардың сабақтан бос уақыттарда демалысын ұйымдастыру.

3. Лауазымдық міндеттері

Аға вожатый мынадай лауазымдық міндеттерді атқарады:

Оқушылардың бастамаларын, мүдделері мен қажеттіктерін ескере отырып, еріктілік, өзін-өзі басқарушылық, адамгершілік және демократизм принциптері бойынша балалар қоғамдық ұйымдары, бірлестіктері жұмыстарын бағдарлауға көмектеседі, олардың қызметін дамытуға ықпал етеді.

Балалар ұйымдары, бірлестіктері қызметінің мазмұны мен формаларын жаңартуға ықпал етеді, оқушылар жас ерекшеліктері мен өмір талаптарына сәйкес олардың ұжымдық-творчестволық қызметін ұйымдастырады.

3. Оқушылардың жұмыс істеп тұрған балалар мен жастар ұйымдары, бірлестіктері туралы кеңінен ақпарат алу жағдайын қамтамасыз етеді.

4. Олар жүргізген жұмыс тақырыптары бойынша"Шардара" мектеп-лицейі көрнекі безендірулер ұйымдастырады.

5. "Шардара" мектеп-лицейі оқушылардың азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсетуге, өз мүдделері мен талап-тілектерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қолайлы жағдай жасайды, сабақтан бос уақыттарды олардың дамуына пайдалы да, қызықты етіп өткізеді.

3.6. Өзіне сеніп тапсырылған оқушылардың амандығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасайды; еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғаныс нормалары мен ережелерін сақтайды.

3.7. "Шардара" мектеп-лицейі, тұрмыста, қоғамдық орындарда педагогика қызметкерінің қоғамдық ережелеріне сәйкес этикалық тәртіп нормаларын сақтайды.

3.8. Оқушылардың каникулдық демалыстарын ұйымдастырады.

3.9. "Шардара" мектеп-лицейі балалар ұйымдары, бірлестіктері бастауыш ұжымдары жетекшілерін (ұйымдастырушыларын) іріктеу және дайындау жұмыстарын жүргізеді.

3.10. Өз жұмысын жоспарлайды, белгіленген тәртіп бойынша құжаттама жүргізеді.

4. Құқығы

Аға вожатый мынаған құқылы:

4.1. "Шардара" мектеп-лицейі жарғысында белгіленген тәртіп бойынша "Шардара" мектеп-лицейі басқаруға қатысуға.

4.2. Кәсіби абырой, намысын қорғауға.

4.3. Өз жұмысына баға берілген арыз-шағымдармен, өзге де құжаттармен танысуға, оларға тиісінше түсінік беруге.

4.4. Кәсіби этика нормаларының бұзылуына байланысты тәртіптік терген-тексеру немесе қызметтік тексеру жағдайында өз мүддесін өзі және (немесе) өкілі, соның ішінде адвокат арқылы қорғауға.

4.5. Заңда қарастырылған кейбір жағдайларды қоспағанда, тәртіптік (қызметтік) терген-тексеру құпиялылығының сақталуына.

4.6. Оқушылармен жұмыс жүргізу формасы мен әдістерін еркін таңдауға және оны "Шардара" мектеп-лицейі жалпы жұмыс жоспары мен педогогикалық мақсаттарға сәйкес жоспарлауға.

4.7. Біліктілігін арттыруға.

4.8. Тиісті біліктілік категориясына ерікті түрде аттестатталуға және аттестациядан ойдағыдай өткен жағдайда оны иеленуге.

4.9. Оқушыларға сабақ пен үзіліс кездерінде сабақты ұйымдастыру мен тәртіп сақтауға қатысты міндетті тапсырмалар беруге, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Оқушыларды ынталандыру және жазалау туралы ережелерде белгіленген жағдайлар мен реттерде оларды тәртіптік жазаға тартуға.

5. Жауапкершілігі

5.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, өзге де жергілікті нормативтік актілерді, "Шардара" мектеп-лицейі директорының заңды өкімдерін, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелсіз себептермен орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін, осымен бірге өзіне берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін аға вожатый еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Еңбек міндеттерін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза ретінде жұмыстан босату шарасы қолданылуы мүмкін.

5.2. Оқушының жеке басына тәрбиенің күштеу және (немесе) психикалық қысым жасау әдісін бір рет те болса қолданғаны үшін, сондай-ақ тіпті басқа да бейморальдық әрекеттері үшін аға вожатый ҚР еңбек заңнамалары мен "Білім беру" туралы заңына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін.

Мұндай әрекеттер үшін жұмыстан босату тәртіптік жауапкершілік шарасы болып табылмайды.

5.3. Оқу-тәрбие процесінде ұйымның өрт қауіпсіздігі, еңбек қорғау, санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін аға вожатый әкімшілік заңнамаларында қарастырылған тәртіп пен жағдайлар бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5.4. Өз лауазымдық қызметін атқару кезінде "Шардара" мектеп-лицейі келтірген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны үшін аға вожатый еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Лауазымы бойынша өзара қарым-қатынас, байланыс

Аға вожатый:

6.1. сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график және директор бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.

6.2. аға вожатый өзін-өзі басқару органдарымен, педагогтық ұжымы мен және қосымша білім беретін оқу мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатады.

6.3. Әрбір оқу жылына, әрбір оқу тоқсанына арналған өз жұмысын өзі жоспарлайды. Жұмыс жоспарын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жоспарлы кезең басталған соң 5 күннен қалдырмай бекітеді.

6.4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына өз қызметі туралы жазбаша түрде есеп беріп отырады.

6.5. "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігінен нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алады, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

6.6. Мұғалімдермен, оқушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) тығыз бірлестікте жұмыс істейді; "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігімен және педогог қызметкерлерімен өз құзыретіне енетін мәселелер бойынша жүйелі түрде ақпарат алмасып отырады.

КЕЛІСІЛДІ:

_____ 01.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Д.Сланова 01.09.2024ж

...ындылар әзір... ...өкілдерге) бер... ...шешу ісін... ...келенушілерге

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей
директоры Жанат Сапаров Аусльтаевич
_____ / 02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Педагог-психолог Ф.Жумабаева

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Педагог-психолог бұл қызметке "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан қабылданады және босатылады.

1.2. Біліктілік талаптары.
Педагог-психолог лауазымына "Психология" мамандығымен қоса алған тұлғалар жұмыс стажына талап қойылмастан қабылданады.
Педагог-психолог мыналарды білуге тиісті:
- ҚР Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекс заңдарын және басқа да білім беру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді;
- жалпы психологияны, педагогикалық психологияны және жалпы педагогиканы;
- жеке тұлға психологиясы мен дифференциалық психологияны, балалар мен жас ерекшеліктері психологиясын, әлеуметтік психологияны, медициналық психологияны, балалар нейропсихологиясын, патопсихологияны, психосоматиканы, дефектология негіздерін, психотерапияны, сексологияны, психогигиенаны, кәсіби бағдарлауды, кәсіптану мен еңбек психологиясын, психодиагностиканы, психологиялық кеңес беру мен психопрофилактиканы;
- үдемелі оқыту тәсілдерін, қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық тренингін;
- жеке және топтық кәсіби консультацияның қазіргі заманғы тәсілдерін, баланың қалыпты және аномальды дамуы диагностикасы мен коррекциясын;
- еңбек заңнамалары негіздерін; еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;
Санитарлық ережелер мен нормаларды.

2. Лауазымдық міндеттері

Педагог-психолог мынадай міндеттерді атқарады:
- "Шардара" мектеп-лицейі тәрбиесі мен оқыту процесінде оқушылардың (тәрбиеленушілердің) психикалық, соматикалық және әлеуметтік амандығын сақтау бағытындағы кәсіби қызметін жүзеге асырады;
- бала құқықтары конвенциясына сәйкес баланың жеке құқықтарының сақталуына ықпал етеді;
- "Шардара" мектеп-лицейі әлеуметтік салалары үйлесімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, әлеуметтік дизадаптация пайда болуының алдын алу бағытында сақтандыру шараларын жүзеге асырады;
- балалардың дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды және оларға әртүрлі психологиялық көмек көрсету (психокоррекциялық, сауықтыру және консультациялық) бағытында шаралар қабылдайды;
- балаларға, ата-аналарға (оларды алмастыратын тұлғаларға), педагогикалық ұжымға нақты проблемаларды шешуге көмектеседі;
- әр түрлі бейін, бағыттарда психологиялық диагностика жүргізеді;
- зерттеу материалдары бойынша оқушылардың, тәрбиеленушілердің жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуы проблемаларын шешу ісінде педагогика ұжымына, сондай-ақ ата-аналарға (заңды өкілдерге) бағдар беру мақсатымен психологиялық-педагогикалық қорытындылар әзірлейді;

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей
директоры Жанат Сапаров Ауельтаевич
_____ / 02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Педагог-психолог Ф.Жумабаева **Шардара қаласы**

1. Жалпы ережелер

1.1. Педагог-психолог бұл қызметке "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан қабылданады және босатылады.

1.2. Біліктілік талаптары.
Педагог-психолог лауазымына "Психология" мамандығымен қоса алған тұлғалар жұмыс стажына талап қойылмастан қабылданады.
Педагог-психолог мыналарды білуге тиісті:
- ҚР Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекс заңдарын және басқа да білім беру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді;
- жалпы психологияны, педагогикалық психологияны және жалпы педагогиканы;
- жекс тұлға психологиясы мен дифференциалық психологияны, балалар мен жас ерекшеліктері психологиясын, әлеуметтік психологияны, медициналық психологияны, балалар нейропсихологиясын, патопсихологияны, психосоматиканы, дефектология негіздерін, психотерапияны, сексологияны, психогигиенаны, кәсіби бағдарлауды, кәсіптану мен еңбек психологиясын, психодиагностиканы, психологиялық кеңес беру мен психопрофилактиканы;
- үдемелі оқыту тәсілдерін, қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық тренингін;
- жеке және топтық кәсіби консультацияның қазіргі заманғы тәсілдерін, баланың қалыпты және аномальды дамуы диагностикасы мен коррекциясын;
- еңбек заңнамалары негіздерін; еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;
Санитарлық ережелер мен нормаларды.

2. Лауазымдық міндеттері

Педагог-психолог мынадай міндеттерді атқарады:
- "Шардара" мектеп-лицейі тәрбиесі мен оқыту процесінде оқушылардың (тәрбиеленушілердің) психикалық, соматикалық және әлеуметтік амандығын сақтау бағытындағы кәсіби қызметін жүзеге асырады;
- бала құқықтары конвенциясына сәйкес баланың жеке құқықтарының сақталуына ықпал етеді;
- "Шардара" мектеп-лицейі әлеуметтік салалары үйлесімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, әлеуметтік дизадаптация пайда болуының алдын алу бағытында сақтандыру шараларын жүзеге асырады;
- балалардың дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды және оларға әртүрлі психологиялық көмек көрсету (психокоррекциялық, сауықтыру және консультациялық) бағытында шаралар қабылдайды;
- балаларға, ата-аналарға (оларды алмастыратын тұлғаларға), педагогикалық ұжымға нақты проблемаларды шешуге көмектеседі;
- әр түрлі бейін, бағыттарда психологиялық диагностика жүргізеді;
- зерттеу материалдары бойынша оқушылардың, тәрбиеленушілердің жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуы проблемаларын шешу ісінде педагогика ұжымына, сондай-ақ ата-аналарға (заңды өкілдерге) бағдар беру мақсатымен психологиялық-педагогикалық қорытындылар әзірлейді;

- белгіленген форма бойынша құжаттама жүргізеді және оны тиісті мақсатта қолданады;
- оқушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, білім беру қызметі бойынша дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға, әзірлеуге қатысады, олардың әртүрлі жағдайларда өз өмірлік және кәсіптік тағдырын өзі шешуге дайын болу қабілетін дамытуға жәрдем етеді;
- творчестволық тұрғыдан дарынды тәрбиеленушілерге психологиялық қолдау көрсетеді, оларды іздеп табуға, таланттарының дамуына ықпал жасайды;
- тәрбиеленушілердің әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқушылықтарды (ақыл-ой, физикалық, эмоциональдық) анықтап, оларды психологиялық-педагогикалық түзету бағытында шаралар қолданады;
- оқушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогика қызметкерлерінің және ата-аналардың (заңды өкілдердің) психологиялық мәдениетін қалыптастырады.
- "Шардара" мектеп-лицейі қызметкерлеріне оқушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың (заңды өкілдердің) әлеуметтік-психологиялық құзыретін арттыру бағытында психологияны практикада қолдану мәселелері жөнінен кеңес береді;
- педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын өткізуге, білім беру бағдарламаларында қарастырылған сауықтыру, тәрбие және басқа бағыттар бойынша жүргізілетін шараларға қатысады;
- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтайды.

3. Құқықтары

Педагог-психолог мыналарға құқылы:
- "Шардара" мектеп-лицейі басқару ісіне қатысуға, өзінің кәсіби абыройы мен намысын қорғауға;
- оқыту және тәрбе беру әдістемелерін, "Шардара" мектеп-лицейі бекіткен бағдарламаға сәйкес оқу құралдары мен материалдарын, оқулықтарды еркін таңдап алуға;
- өз қызметінің мәселелері бойынша "Шардара" мектеп-лицейі директорының қарауына ұсыныстар ендіруге;
- "Шардара" мектеп-лицейі басшылығы мен мамандарынан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпараттар алуға;
- лауазымдық міндеттерін орындауға "Шардара" мектеп-лицейі басшылығынан көмек көрсетуді талап етуге.
- еңбек қорғау талаптарына сай жұмыс орнымен қамтамасыз етілуге, жұмыс берушіден жұмыс жағдайлары туралы нақты ақпараттар алуға;
- кәсіби біліктілігін көтеруге, аттесттациядан өтуге.

4. Жауапкершілігі

Педагог-психолог мыналарға жауап береді:
- осы нұсқаулықта қарастырылған өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін – қолданыстағы ҚР Еңбек кодексіне сәйкес.
- "Шардара" мектеп-лицейі келтірген материалдық залалы үшін – қолданыстағы ҚР Еңбек кодексіне сәйкес.

КЕЛІСІЛДІ

_____ /

02.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Жумабаева Фенуза Зуфаровна /

02.09.2024ж

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей директоры :
Сапаров Жанат Әуелтайұлы
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Хатшы

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251-Ш Еңбек кодексі, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" № 338 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" № 319 заңы, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері және жергілікті нормативтік актілер негізінде жасалды.

1.2. Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан тағайындалады және босатылады.

1.3. Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші кезекті еңбек демалысында және уақытша еңбекке жарамсыз жағдайда жүрген кездерінде оның міндеттері неғұрлым тәжірибелі педагогтар қатарындағы мұғалімге жүктелуі мүмкін. Мұндай жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару "Шардара" мектеп-лицейі директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші лауазымына бастауыш кәсіби білімі немесе жалпы орта білімі және белгіленген бағдарлама бойынша арнайы даярлығы бар тұлға жұмыс стажына талап қойылмастан қабылданады.

1.4. Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші тікелей "Шардара" мектеп-лицейі директорына бағынады.

1.5. Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші өз лауазымдық міндеттерін атқару кезінде іс қағаздарын жүргізуге қатысты қаулыларды, өкімдерді, бұйрықтар мен өзге де басшылыққа алынатын және нормативтік құжаттарды; ұйымдық-өкімдік құжаттамалар бойынша бір ізге түсірілген жүйе стандарттарын; еңбек туралы заңнамаларды және еңбек кітапшаларын жүргізу тәртібі жөніндегі нұсқаулықты; орфография мен тыныс белгілері ережелерін; оргтехникаларда жұмыс жүргізу ережелерін; еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, сондай-ақ осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

2. Функциялары

Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші жұмысының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

2.1. "Шардара" мектеп-лицейі директоры мен оның орынбасарлары жұмысын қамтамасыз ету және қызмет көрсету бағытында тиісті техникалық фунцияларды атқару.

2.2. Іс қағаздарын жүргізу.

2.3. Кадр жұмыстарын құжаттамалық қамтамасыз ету.

3. Лауазымдық міндеттері

Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші мынадай міндеттерді атқарады:

3.1. "Шардара" мектеп-лицейі директоры мен оның орынбасарлары үшін қызметкерлерден мәліметтер алады, директордың тапсырмасы бойынша "Шардара" мектеп-лицейі қызметкерлері мен оқушыларын шақырады.

3.2. "Шардара" мектеп-лицейі директорының телефон арқылы сөйлесулерін

ұйымдастырады;

3.3. Телефонограммалар қабылдайды және жөнелтеді, "Шардара" мектеп-лицейі директоры орнында жоқ кезде хабарламаларды жазып алады және бұл туралы директорды хабардар етеді.

3.4. "Шардара" мектеп-лицейі қызметкерлерінің жалпы жиналыстарын, педагогикалық кеңестің, қайырымдылық кеңесінің отырыстарын, сондай-ақ "Шардара" мектеп-лицейі директоры өткізетін мәжілістерді дайындау (қажетті материалдарды жинау, қатысушыларға кеңестердің өтетін уақыттарын, орындарын, күн тәртібін хабарлау және оларды тіркеу) жұмыстарын жүзеге асырады, директордың тапсырмасы бойынша мәжілістер мен кеңестердің хаттамаларын жүргізеді және ресімдейді.

3.5. "Шардара" мектеп-лицейі директорының кеңсе заттарымен, ұйымдастыру техникасы құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалайды, директор жұмысының тиімді атқарылуына жағдай жасайды.

3.6. Сөйлесу құрылғылары арқылы ақпараттар береді және қабылдайды.

3.7. "Шардара" мектеп-лицейі директорының нұсқауы бойынша әртүрлі құжаттар мен материалдар басып дайындайды.

3.8. Іс қағаздарын жүргізеді; бекітілген номенклатураға сәйкес істерді жасақтайды, олардың сақталуын және белгіленген уақытта мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз етеді.

3.9. "Шардара" мектеп-лицейі директоры атына келіп түскен корреспонденцияларды қабылдайды, оларды тиісті орындарына қарай жүйелейді және директор қарап шыққан соң, оларды жұмыс процесінде қолдану үшін немесе жауап жазу үшін нақты орындаушыларға береді, директор тапсырмаларының бақылауға алынған орындалу мерзімін қадағалайды; корреспонденцияларды жөнелтеді.

3.10. Қызметкерлердің, оқушылар мен ата-аналардың (оларды алмастыратын тұлғалардың) жеке өтініштерін, "Шардара" мектеп-лицейі директорына қол қоюға берілетін құжаттарды қабылдайды.

3.11. Келушілерді қабылдауды ұйымдастырады, қызметкерлер өтініштері мен ұсыныстарының оперативті қаралуына көмектеседі.

3.12. "Шардара" мектеп-лицейі кадрлық жұмыстарының құжаттамалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады; бұйрықтар журналын жүргізеді және оны сақтайды; еңбек кітапшалары қозғалысын есепке алу жөніндегі журналды жүргізеді және сақтайды; қызметкерлердің еңбек кітапшалары мен жеке істерін белгіленген тәртіпте сақтап, жүргізеді.

4. Құқықтары

Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші мыналарға құқылы:

4.1. "Шардара" мектеп-лицейі қызметкерлерінен, қажет болған жағдайда әкімшіліктен де керекті ақпараттар мен материалдар, сондай-ақ бақылауда тұрған тапсырмаларды орындаудың кешігу себептері туралы түсінік сұратуға.

4.2. Қызметкерлерді "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігі тапсырмасын орындау ісіне тартуға.

4.3. Құжат түзу мен ресімдеудің белгіленген ережелеріне сай әзірленбеген құжаттарды қайта жөндеп, аяқтау туралы орындаушысынан талап етуге.

4.4. "Шардара" мектеп-лицейі басқару қызметіне байланысты құжаттардың жобаларына виза қоюға.

4.5. "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігінің қарауына ұйымдық және есептеу техникалары құралдарын қолдана отырып құжаттармен жұмыс жүргізу ісін жақсарту, басқару қызметінің формалары мен әдістерін жетілдіру бағытында ұсыныстар ендіруге.

5. Жауапкершілігі

5.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, "Шардара" мектеп-лицейі директорының заңды өкімдерін, өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелсіз себептермен орындамағаны немесе

тиісті дәрежеде орындамағаны үшін хатшы-іс қағаздарын жүргізуші еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

5.2. Өз лауазымдық қызметін атқару (атқармау) кезінде"Шардара" мектеп-лицейі келтірген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны үшін хатшы-іс қағаздарын жүргізуші еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Лауазымы бойынша өзара қарым-қатынас, байланыс

Хатшы-іс қағаздарын жүргізуші:

6.1. сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график бойынша, нормаланбаған жұмыс күні режимінде жұмыс істейді.

6.2. Өз қызметін атқару процесінде педагогикалық, әкімшілік және қызмет көрсетуші персоналдармен "Шардара" мектеп-лицейі кеңесінің, педагогикалық және қайырымдылық кеңестерінің мәжілістеріне қажетті ақпараттар дайындау және ұсыну, "Шардара" мектеп-лицейі құрылтайшысы тапсырмаларының, "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігі бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуын; "Шардара" мектеп-лицейі кадрлық, қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру мәселелері бойынша өзара бірлесіп әрекет етеді.

КЕЛІСІЛДІ

_____ / 02.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Төлеуқ. Ұ **/ 02.09.2024ж**

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей
Директоры Сайлаов Жанат Ауельтаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
"Шардара" мектеп-лицейі тәрбиешісі

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Тәрбиеші лауазымының негізгі бағдары тәрбие беру және бақылау ісін жүзеге асыру, тәрбиеленушілер "Шардара" мектеп-лицейі тәрбие топтарында болған кезінде ата-ана қамқорлығын алмастыру.

1.2. Тәрбиеші қызметке "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан тағайындалады.

1.3. Біліктілік талаптары.

Тәрбиеші жоғары немесе орта кәсіби білімі бар тұлғалар арасынан, жұмыс стажына талап қойылмастан тағайындалады. Тәрбиеші қолданыстағы біліктілік сипаттамаларына сәйкес мыналарды білуге тиісті:

- ҚР Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Неке және отбасы туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" заңдарын және басқа да білім беру ісін дамыту бағыттары мен перспективаларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді;
- пән бойынша сабақ беру, тәрбие жұмыстарының әдістемелерін;
- оқу кабинеттерін және қосымша орын-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптарды;
- оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін;
- білім беру ісі мен педагогика ғылымының негізгі бағыттарын және даму перспективаларын;
- құқық және еңбекті ғылыми ұйымдастыру, педагогика мен психология негіздерін;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын;
- педагогиканы, педагогикалық психологияны; педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін;
- экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамаларды;
- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын.
- санитарлық ережелер мен нормаларды.

1.4. Тәрбиеші тікелей "Шардара" мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.

2. Қызмет бабындағы міндеттері

Тәрбиеші өзінің лауазымы бойынша мынадай міндеттерді атқарады:

- өзіне бекітілген топта сабақтан тыс оқу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізеді, сондай-ақ оқушылар (топтағы тәрбиеленушілер) арасында мәдени-демалыс сипатында шаралар өткізеді;
- тәрбие жұмысында оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі тәсілдерін, әдістері мен құралдарын қолданады;

- тәрбиеленушілер бойындағы азаматтық адамгершілік қасиеттерін тәрбиелейді, оларды оқуға, еңбекке, қоғамдық меншік пен жеке меншіктегі мүліктерге жауапкершілікпен қарауға үйретеді, мәдениетті мінез-құлыққа дағдыландырады;
- оқушыларға (топтағы тәрбиеленушілерге) эстетикалық тәрбие беру ісін жүзеге асырады;
- оқушылар (топтағы тәрбиеленушілер) денсаулығының сақталуын және нығаюын қамтамасыз етеді, олардың психофизикалық дамуына ықпал ететін шаралар өткізеді (медицина қызметкерлерімен бірге);
- оқушылар (тәрбиеленушілер) арасында түзеу-дамыту жұмыстарын (топ бойынша немесе жекелей) жүргізеді;
- мінез-құлық ауытқуларының, зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында тиісті жұмыстар жүргізеді;
- оқушылардың (топтағы тәрбиеленушілердің) жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзіне-өзі қызмет көрсетуі, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауы, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуы жөнінде тиісті жұмыстар ұйымдастырады;
- оқушылардың (тәрбиеленушілердің) бойында қызметтің белгілі бір түріне деген қызығушылықтың пайда болуына, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауына жәрдемдеседі, ықпал етеді;
- оқушылар (тәрбиеленушілер) ұжымы қызметіндегі өзін-өзі басқару бастамаларын ұйымдастыруға көмектеседі. Оқушылар (тәрбиеленушілер) активінің жұмысын ұйымдастырады;
- оқушылардың (топтағы тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін, олардың отбасындағы жағдайы мен тұрмыстық хал-ахуалын зерттеп, зерделейді;
- тәрбиеші көмекшісінің, кіші тәрбиешінің және басқа қызметкерлердің бірыңғай білім беру процесі аясындағы жұмыстарын үйлестіреді;
- аға тәрбиеші міндетін атқару кезінде тәрбиешілер жұмысын басқарады, оларға әдістемелік көмек көрсетеді, озат педагогикалық тәжірибелерді қорытуға атсалысады, тәрбиешілер біліктілігін көтеруге, олардың творчестволық бастамаларын дамытуға жәрдемдеседі;
- қоғамдық ұйымдар, қайырымдылық қорлары өкілдерін, қосымша білім беру мекемелері қызметкерлерін оқушылар (топтағы тәрбиеленушілер) ұжымымен жұмыс жүргізу ісіне қатысуға тартады;
- оқушылардың (топтағы тәрбиеленушілердің) күн режимін орындауларын бақылайды, үй тапсырмаларын әзірлеуді, мәдени-демалыс, сауықтыру т. б. шараларын ұйымдастырады;
- оқушыларды өз бейім, қабілеттеріне қарай көркем шығармашылық, ғылыми-техникалық, спорт секцияларына, клубтар жұмысына тартады;
- ата-аналармен және педагогтармен тұрақты байланыс орнатады, оқушыларға (топтағы тәрбиеленушілерге) педагогикалық талаптардың бірыңғай сипатта болуына қол жеткізеді;
- өзіне бекітілген топта жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жоспарлайды, оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- әдістемелік жұмыстарға қатысады және өз біліктілігін арттырып отырады;
- тәрбие жұмыстарын жетілдіруге байланысты ұсыныстар ендіреді;
- өз жұмысын сынып жетекшісі жұмысымен үйлестіреді;
- топ туралы белгіленген құжаттамаларды жүргізеді, әкімшілікке үлгірім, тәртіп туралы мәліметтер береді, оқушылардың (өзіне бекітілген топтағы тәрбиеленушілердің) мінездемелерін әзірлейді;
- балаларды мұғалімдерден, ата-аналардан немесе оларды алмастыратын тұлғалардан тізім бойынша қабылдап алады;
- оқушылар тарапынан Ішкі тәртіп ережелерінің орындалуына, этикалық және мінез-құлық мәдениеті нормаларының сақталуына, "Шардара" мектеп-лицейі мүліктерін ұқыпты сақтауына қол жеткізеді;
- оқушылардың (өзіне бекітілген топтағы тәрбиеленушілердің) тамақтануын

ұйымдастырады және қадағалайды;
- оқушылар (топтағы тәрбиеленушілер) арасында салауатты өмір салтын насихаттайды, зиянды әдеттермен күрес жүргізеді, оқушылардың сыртқы кескін-келбетін бақылайды және олардың жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалайды;
- өзіне бекітілген топта еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- тұтанғыш және жарылғыш заттар мен қондырғыларды, сигарет, папирос, темекі, спиртті ішімдік, есірткі және еліткіш нәрселер мен суық қаруларды тез арада алып қояды. Алынған заттар туралы директордың тәрбие жөніндегі орынбасарына жазбаша мәлімет береді.

3. Құқықтары

Тәрбиеші мыналарға құқылы:
- оқушылар арасында жүргізілетін тәрбие жұмысының формасын, тәсілін, әдісін дербес таңдап алуға және оны педагогикалық мақсаттарға сәйкес жоспарлауға;
- "Шардара" мектеп-лицейіт өзін-өзі басқару органдары жұмысына, педагогикалық кеңес жұмысына қатысуға;
- топ оқушыларына міндетті ауызша өкімдер беруге;
- қажет болған жағдайда "Шардара" мектеп-лицейі басшылары атынан ата-аналарды шақыртуға.

4. Жауапкершілігі

4.1. Тәрбиеші осы нұсқаулықтың 2-тармағында қарастырылған қызметтік міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін, сондай-ақ "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жауапқа тартылады.

4.2. Тәрбиеші тәрбие функцияларына жатпайтын бейморальдық әрекеттері үшін, сонымен қатар оқушының жеке басына тәрбиенің күштеу және (немесе) психикалық қысым жасау әдісін қолданғаны үшін онымен жасалған еңбек шарты ҚР Еңбек кодексінде қарастырылған ретпен"Шардара" мектеп-лицейі директоры бұйрығы арқылы бұзылады.

КЕЛІСІЛДІ

/

02.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

/

02.09.2024ж



БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицейі
директор
Сапарбек Жанат Ауельтаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Бас бухгалтер

Шардара қаласы

Жалпы ережелер

- "Шардара" мектеп-лицейі қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін ұйымдастыру.
- "Шардара" мектеп-лицейі материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді пайдаланылуын, мүліктерінің сақталуын бақылау.

Қызметінің жалпы ережелері:

- Өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР Еңбек кодексін, ҚР Салық кодексін, ҚР Президенті жарлықтарын, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, қалалық білім беру басқармасының нормативтік құжаттарын, бюджет мекемелерінің бухгалтерлік есебі жөніндегі нұсқаулықты, типтік штаттар үлгісін және басқа құжаттарды басшылыққа алады.
- Біліктілік деңгейін арттыру бағытында жұмыс істейді.
- Еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын білуге тиісті.
- Бухгалтер тікелей "Шардара" мектеп-лицейідиректорына бағынады.

Лауазымдық міндеттері

- Есепке алу-есептеу жұмыстарын мейлінше механикаландыру, бухгалтерлік есептің және бухгалтериялық бақылаудың прогрессивтік формаларын, әдістерін пайдалану негізінде есепке алу мен есептіліктің тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.
- Бастапқы құжаттамаларды қабылдау мен бақылау ісін жүзеге асырады және оларды есептік өңдеуге әзірлейді.
- Келіп түскен ақшалай қаржының, тауарлы-материалдық құндылықтардың есебін жүргізеді, қаржылық және есеп айырысу операцияларының бухгалтерлік есеп шотынан дер кезінде көрініс табуын қамтамасыз етеді.
- Құжаттардың заңды түрде, дер кезінде және дұрыс ресімделуін қадағалайды.
- Жалақы, педагог қызметкерлердің тарификациясы, қаржыландырудың жеке жоспары жөнінде экономикалық тұрғыдан негізделген есептеулер жасайды.
- Мелекеттік бюджетке, әлеуметтік қамсыздандыруға, зейнеткерлік аударымға бөлінетін төлемдерді есептейді және аударады.
- Шаруашылық-қаржы қызметіне экономикалық талдау жасайды.
- Ақшалай, тауарлы-материалдық құндылықтарды, есеп айырысулар мен міндетті төлемдерді инвентаризациялау ісіне қатысады.

- Штаттық, қаржылық, кассалық тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды жүргізеді.
- Бухгалтерлік есеп беру құжаттарын дер кезінде жасайды және тиісті ұйымдарға белгіленген уақытында тапсырады.
- Жекелей қаржыландырудың орындалуын жүзеге асырады.

КЕЛІСІЛДІ

_____/

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

_____/ Кулжашова Г.

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей директоры
Сапаров Жанат Ауельтаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

Әлеуметтік педагог Мұсақұлова Қарлығаш, Алимбекова Раушан

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251-III Еңбек кодексі, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" № 338 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" № 319 заңы, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері және жергілікті нормативтік актілер негізінде жасалды.

1.2. Директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасарын "Шардара" мектеп-лицейі директоры тағайындайды және босатады. Директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары демалыста және уақытша жұмысқа қабілетсіз болған кезеңде оның міндеттері өзге педагог қызметкерге жүктелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда міндеттерді уақытша атқару "Шардара" мектеп-лицейі директорының еңбек заңнамалары талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

1.3. "Шардара" мектеп-лицейі директорының балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасарында жоғары педагогикалық білім және 3 жылдан кем емес педагогикалық жұмыс стажы болуы тиіс.

1.4. "Шардара" мектеп-лицейі директорының балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары тікелей мектеп директорына бағынады.

1.5. Білуі тиіс:

- ҚР Конституциясын.
- Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Неке және отбасы туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" заңдарын және басқа да білім беру ісін дамыту бағыттары мен перспективаларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді;
- педагогика мен психология негіздерін.
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын.
- педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін.
- менеджмент, қаржы-шаруашылық қызметі негіздерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын.
- санитарлық ережелер мен нормаларды.
- ҚР Еңбек кодексін.

1.6. "Шардара" мектеп-лицейі директорының балалық шақты қорғау жөніндегі орынбасары компьютерді және басқа да ақпараттық- коммуникациялық технологиялар мен ғаламдық Internet желісін қолдануда тиімді тәсілдерді меңгеруі тиіс.

2. Лауазымдық міндеттері

Директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары атқаратын негізгі қызмет бағыттары мыналар болып табылады:

- білім беру ұйымдарында және оқушылардың, тәрбиеленушілердің, балалардың тұратын

жерлерінде жеке тұлғаларды тәрбиелеу, білім беру, дамыту мен әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады.

- Оқушылардың, тәрбиеленушілердің, балалардың тұлғалық әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, өмір сүру жағдайларын зер салып бақылайды.
- Оқушылардың, тәрбиеленушілердің, балалардың қызығушылықтарын, талап-тілектерін, қиындықтары мен проблемаларын, конфликтілі жағдайларын анықтайды және оларға дер кезінде әлеуметтік көмек жасап, қолдау көрсетеді.
- Кәмелетке толмағандардың әлеуметтік қорғалуын, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын қамтамасыз етеді.
- сынып жетекшілерінің оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғау жөніндегі жұмыстарын үйлестіреді және жоспарлайды.
- Ата-аналар комитетімен, қамқоршылар кеңесімен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді.
- Оқушылардың қажет ететіндеріне дер кезінде әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету мақсатында олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына талдау жасайды.
- Жүргізілетін әлеуметтік жобалар мен бағдарламалардың мүмкін болатын салдарларына болжам жасайды.
- Сынып жетекшілерінің балаларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша кәсіби біліктілігін арттыруға байланысты шаралар ұйымдастырады.
- Әлеуметтік қорғалмаған отбасылар балаларының, жетім балалардың және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жәрдемақылармен және зейнетақылармен қамтамасыз етілуіне бақылау жасайды.
- Бітіруші түлектерді еңбекке орналастыру мәселесі бойынша бақылау жасайды.
- Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар мен тәрбиеленушілерге оқулықтар беру, тегін ыстық тамақ ұйымдастыру жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді әрі үйлестіреді.
- Есеп беру құжаттамаларының сапалы әрі дер кезінде жасалуын, олардың шынайылығы мен белгіленген тәртіпте тапсырылуын қамтамасыз етеді.
- Оқушы жеке тұлғалар мен "Шардара" мектеп-лицейі, отбасы, орта, әр түрлі әлеуметтік қызмет орындарының мамандары, ведомстволар, әкімшілік органдар арасында мәмілегер ретінде әрекет етеді.
- Әлеуметтік ортада парасатты, адамгершілікті, салауатты қарым-қатынастың орнауына ықпал етеді.
- Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарда өз талап-таланттарын жетілдіруге, ой және дене қабілет-қарымын дамытуға ықпал ететін жағдайлар жасайды.
- "Шардара" мектеп-лицейі білім беру бағдарламасын әзірлеуге, оны бекітуге және жүзеге асыруға қатысады.

4. Құқықтары

Директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары өз құзіреті аясында мынадай құқықтарға ие:

4.1. "Шардара" мектеп-лицейі дамыту бағдарламасын әзірлеу ісіне қатысуға.

4.2. Оқу-тәрбие процесін жетілдіру мәселелеріне байланысты ұсыныстар енгізуге.

4.3. Оқушылар ата-аналарымен және оларды алмастыратын тұлғалармен байланыс орнатуға.

4.4. Оқу сабақтары мен шараларына қатысуға (сабақ басталғаннан кейін шұғыл қажеттіліксіз сыныпқа кіру және сабақ кезінде мұғалімге ескерту жасау құқығынсыз).

4.5. Оқушыларды оқу-тәрбие процесіне кері ықпал ететін қылықтары үшін ынталандырулар мен жазалаулар туралы ережеде белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартуға.

4.6. Өз біліктілігін арттыруға.

5. Жауапкершілігі

5.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, "Шардара" мектеп-лицейі директорының заңды өкімдерін және өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта көрсетілген лауазымдық міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, оның ішінде өзіне берілген құқықтарды пайдаланбағаны, сондай-ақ білім беру процесінің бұзылуына әкеліп соқтырған шешімдер қабылдағаны үшін директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары еңбек заңнамасында белгіленген ретпен тәртіптік

жауапкершілікке тартылады. Еңбек міндеттерін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза ретінде қызметінен босатылуы мүмкін.

5.2. Оқушының жеке басына тәрбиенің күштеу және (немесе) психикалық қысым жасау әдісін бір рет те болса қолданғаны үшін директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары ҚР еңбек заңнамалары мен "Білім беру" туралы заңына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін. Мұндай әрекеттер үшін жұмыстан босату тәртіптік жауапкершілік шарасы болып табылмайды.

5.3. Оқу-тәрбие процесінде ұйымның өрт қауіпсіздігі, еңбек қорғау, санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары әкімшілік заңнамаларында қарастырылған тәртіп пен жағдайлар бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5.4. Өз лауазымдық қызметін атқару (атқармау) кезінде "Шардара" мектеп-лицейі келтірген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны (соның ішінде моральдық тұрғыдағы) үшін, сондай-ақ осы нұсқаулық бойынша өзіне берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Өзара қарым-қатынас, лауазым бойынша байланыс

Директордың балалық шақты әлеуметтік қорғау жөніндегі орынбасары:

6.1. сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график және директор бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.

6.2. Әрбір оқу жылына, әрбір оқу тоқсанына арналған өз жұмысын өзі жоспарлайды. Жұмыс жоспарын "Шардара" мектеп-лицейі директоры жоспарлы кезең басталған соң 5 күннен қалдырмай бекітеді.

6.3. "Шардара" мектеп-лицейі директорынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алады, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

6.4. "Шардара" мектеп-лицейі директорымен және қызметкерлерімен өз құзыретіне енетін мәселелер бойынша жүйелі түрде ақпарат алмасып отырады.

КЕЛІСІЛДІ

_____

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Мусаходжаев А. **02.09.2024ж**

Алимбекова Р **02.09.2025ж**

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицейі директоры
Сапаров Жанат Нұсультаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Қосымша білім беру педагогы

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Қосымша білім беру педагогы "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан қабылданады және босатылады.

1.2. Біліктілік талаптары.
Қосымша білім беру педагогы лауазымына орта және жоғары кәсіби білімі бар тұлға, жұмыс стажына талап қойылмастан қабылданады.
Қосымша білім беру педагогы мыналарды білуге тиісті:
- ҚР Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" және басқа да білім беру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді;
- бағдарламалар мен оқулықтарды; оқу кабинетін жабдықтап, жарақтандыру ісіне қойылатын талаптарды; оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін;
- педагогика ғылымының негізгі даму бағыттарын;
- тәрбиеленушілер қалауы мен талап-тілектерінің өзіндік даму ерекшеліктерін, олардың шығармашылық қызметі негіздерін;
- таланттарды іздестіру және оларды қолдау әдістемесін, ғылыми-техникалық, эстетикалық, сауықтыру-спорт және демалыс, ойын-сауық шараларының, үйірмелер, секциялар, студиялар, клуб бірлестіктері бағдарламаларының мәнін, әдістемелерін және оларды ұйымдастыруды;
- балалар ұжымдары, ұйымдары мен қауымдастықтары қызметінің негіздерін;
- еңбек туралы заңнама негіздерін;
- санитарлық ережелер мен нормаларды.

2. Лауазымдық міндеттері

Қосымша білім беру педагогы мынадай міндеттерді атқарады:
- оқушылардың (тәрбиеленушілердің) қосымша білім алуын жүзеге асырады, олардың әртүрлі шығармашылық қызметін дамытады;
- үйірмелердің, секциялардың, студиялардың, клуб бірлестіктерінің және өзге де балалар бірлестіктерінің оқушылар (тәрбиеленушілер) құрамын жасақтайды және олардың оқу мерзімі ішінде тұрақты сақталуын қамтамасыз етуге байланысты шаралар қолданады;
- жұмысты (оқыту ісін) педагогикаға негізделген психофизиологиялық мақсаттан туындайтын формалармен, құралдармен және әдістермен қамтамасыз етеді;
- оқушылар (тәрбиеленушілер) құқықтары мен еркіндіктерінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- педагогикалық, әдістемелік кеңестер жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбие шараларын өткізуге, "Шардара" мектеп-лицейі білім беру бағдарламасында қарастырылған өзге де шараларға, медициналық қорытындыға сәйкес балаларды үйде оқытушы ата-аналарға немесе олардың заңды өкілдеріне, отбастарына әдістемелік, диагностикалық және консультативтік көмек көрсету жұмыстарын жүргізуге қатысады;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатынасады, олардың сапалы орындалуына, оқушылардың (тәрбиеленушілердің) өмірі мен денсаулығына жауап береді;

- сабақ жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- оқушылардың (тәрбиеленушілердің) творчестволық қабілеттерін айқындайды, оның дамуына, тұрақты кәсіби қызығушылық пен ынта-ықыластың қалыптасуына ықпал етеді;
- дарынды, талантты оқушыларды (тәрбиешілерді), соның ішінде дамуында ауытқушылығы бар балаларды қолдайды;
- оқушылардың (тәрбиеленушілердің) бұқаралық-көпшілік шараларына қатысуын ұйымдастырады;
- сабақ өткізу кезінде еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтайды;
- кәсіби білімін арттырады.

3. Құқықтары

Қосымша білім беру педагогы мыналарға құқылы:
- "Шардара" мектеп-лицейі басқару ісіне қатысуға, өзінің кәсіби абыройы мен намысын қорғауға;
- оқыту және тәрбе беру әдістемелерін, "Шардара" мектеп-лицейі бекіткен бағдарламаға сәйкес оқу құралдары мен материалдарын, оқулықтарды, оқушылардың (тәрбиеленушілердің) білімін бағалау әдістемесін еркін таңдап алуға;
- өз қызметінің мәселелері бойынша "Шардара" мектеп-лицейі директорының қарауына ұсыныстар енгізуге;
- "Шардара" мектеп-лицейі басшылығы мен мамандарынан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпараттар алуға;
- лауазымдық міндеттерін орындауға "Шардара" мектеп-лицейі басшылығынан көмек көрсетуді талап етуге.

4. Жауапкершілігі

Қосымша білім беру педагогы мыналарға жауап береді:
- осы нұсқаулықта қарастырылған өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексіне сәйкес.
- "Шардара" мектеп-лицейі келтірген материалдық залалы үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексіне сәйкес.

КЕЛІСІЛДІ

_____/

02.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

_____/ Г. Ұлғаева

02.09.2024ж

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей
директорың Жайлау Самаров Ауельтаевич
_____ / 02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Барлық пән мұғалімдері

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251-III Еңбек кодексі, ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" № 338 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" № 319 заңы, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері және жергілікті нормативтік актілер негізінде жасалды.

1.2. Барлық мамандықтар мұғалімі "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан кәсіподақ комитетінің уәжді пікірлерін ескере отырып қабылданады және босатылады.

1.3. Мұғалімнің кезекті еңбек демалысында және уақытша еңбекке жарамсыз жағдайда жүрген кездерінде оның міндеттері осы мамандықтағы өзге мұғалімге жүктелуі мүмкін. Мұндай жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару "Шардара" мектеп-лицейі директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

1.4. Барлық мамандықтар мұғалімінің орта/жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті мамандық бойынша жоғары кәсіби білімі мен біліктілік деңгейіне сәйкес педагогикалық жұмыс стажы болуы тиіс.

1.5. Барлық мамандықтар мұғалімі тікелей директордың орынбасарына бағынады.

1.6. Барлық мамандықтар мұғаліміне зертханашы (егер мұғалім кабинет меңгерушісі міндетін атқаратын болса) және оқушылар бағынады.

1.7. Білуге тиісті:

- ҚР Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Неке және отбасы туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" заңдарын және басқа да білім беру ісін дамыту бағыттары мен перспективаларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді;
- пән сабағын өту, тәрбие жұмыстарының әдістемелерін;
- оқу кабинеттері мен қосалқы орын-жайларды жарақтандыру мен жабдықтандыруға қойылатын талаптарды;
- оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін;
- білім беру ісі мен педагогика ғылымын дамытудың негізгі бағыттарын және перспективаларын;
- құқық және еңбекті ғылыми ұйымдастыру, педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын;
- педагогиканы, педагогикалық психологияны;
- педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін;
- экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамаларды;

- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;
- санитарлық ережелер мен нормаларды.

1.8. Барлық мамандықтар мұғалімі компьютерлерді және басқа да ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, Internet желілерін тиімді пайдалана білуі тиіс.

1.9. ҚР Білім беру министрлігінің 2002 жылғы 27 тамыздағы "Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, жалпы орта және қосымша білім беру жүйелері педагогика қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларыә туралы № 629 бұйрығына сәйкес мұғалім еңбекке ақы төлеу разряды бойынша біліктілікке қойылатын бірыңғай талаптарға сай болуы тиіс.

2. Функциялары

Мұғалім қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

2.1. Оқушыларды жас ерекшеліктері мен берілетін пән ерекшеліктерін ескере, олардың құқықтары мен еркіндігін сақтай отырып оқыту және тәрбиелеу.

2.2. Оқушылардың әлеуметтенуіне, олардың бойында саналы түрде таңдап алған жалпы мәдениеттің қалыптасуына және кәсіби білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ету.

2.3. Оқу процесінде еңбекті қорғау нормалары мен ережелерінің және қауіпсіздік техникасының сақталу режимін қамтамасыз ету.

3. Лауазымдық міндеттері

Мұғалім мынадай лауазымдық міндеттерді атқарады:

3.1. Оқушыларды берілетін пән ерекшеліктерін ескере отырып оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асырады, сыныптарда оқу жүктемелерін бөлуге сәйкес өзіне бекітілген сабақтар мен өзге де оқу-тәрбиелік жұмыстарын жүргізеді.

3.2. Оқу жоспарына сәйкес "Шардара" мектеп-лицейі қолданылатын білім беру бағдарламаларын, жеке оқыту жоспарын және сабақ кестесін жүзеге асырады; бұл орайда оқытудың әртүрлі тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады.

3.3. Оқушыларды даярлауда мемлекеттік білім беру стандартына сай деңгейге қол жеткізілуін қамтамасыз етеді.

3.4. Білім беру процесі кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтайды, оқушылар өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз етеді.

3.5. Әрбір жазатайым жағдай туралы "Шардара" мектеп-лицейі басшылығын жедел түрде хабардар етеді, дәрігер келгенге дейінгі алғашқы көмек шараларын қолданады.

3.6. Білім беру процесінің жүргізілу жағдайларын жақсарту және сауықтыру бағытында ұсыныстар ендіреді, сондай-ақ білім беру процесіндегі оқушылар қабілет-қарымына кері әсер ететін барлық кемшіліктер жөнінде кабинет меңгерушісін, басшылықты хабардар етіп отырады.

3.7. Оқу сабақтарында оқушыларға еңбек қауіпсіздігі жөнінен нұсқама, жөн-жобалар береді, оны міндетті түрде сынып журналына немесе нұсқамаларды тіркеу журналына белгілеп отырады.

3.8. Оқушылардың еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді оқып-үйренуін ұйымдастырады.

3.9. Еңбек қорғау жөніндегі ережелердің (нұсқаулықтардың) сақталуын қадағалайды.

3.10. Белгіленген тәртіпте сынып құжаттамаларын жүргізеді, "Шардара" мектеп-лицейі қабылданған жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысуын және үлгірімін бақылайды, сынып журналы мен оқушы күнделігіне бағаларын қояды, "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігіне дер кезінде есептік мәліметтер беріп отырады.

3.11. Белгіленген тәртіп бойынша оқушылардың қорытынды аттестациясына қатысады.

3.12. Белгіленген тәртіп бойынша педагог қызметін бақылау және бағалау мақсатында келген "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігі өкілдерін сабаққа кіргізеді.

3.13. Сабақтарда директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары өкімі бойынша уақытша келмей қалған мұғалім орынын ауыстырады.

3.14. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, өзге де жергілікті құқықтық актілер талабын орындайды.

3.15. Оқушылардың заңды құқықтары мен еркіндігін сақтайды.

3.16. Сабақ өткізуге дайындалады, өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырып отырады, әдістемелік бірлестіктер қызметіне және "Шардара" мектеп-лицейі қабылданған өзге де әдістемелік жұмыс түрлеріне қатысады.

3.17. "Шардара" мектеп-лицейі педагогика кеңесі жұмыстарына және әкімшілігі өткізетін мәжілістерге қатысады.

3.18. Кезекшілік графигіне сәйкес сабақтар арасындағы үзілістерде, өз сабақтары басталғанға дейін 20 минут және аяқталғаннан кейін 20 минут "Шардара" мектеп-лицейі бойынша кезекшілік етеді.

3.19. Оқушылардың үлгірімі, сабаққа қатысуы, тәртібі туралы мәселелер бойынша ата-аналармен (оларды алмастырушылармен) тұрақты түрде байланыс жасап отырады.

3.20. Мезгіл-мезгіл медициналық тексеруден өтіп тұрады.

3.21. "Шардара" мектеп-лицейі, тұрмыста, қоғамдық орындарда мұғалімнің қоғамдағы өз орнына лайық этикалық нормаларды сақтайды.

3.22. Кабинет меңгерушісі міндеттерін атқарған жағдайда:

- кабинетке бекітілген зертханашы жұмысын басқарады;
- кабинеттің мақсатты түрде пайдаланылуын бақылайды;
- кабинеттің жабдықтармен, приборлармен және басқа да мүліктермен толықтырылуын ұйымдастырады, бір жолғы құжаттар бойынша материалдық құндылықтарды (жиһаздан басқа) сақтауға қабылдап, жауапкершілігіне алады, өз есебінде тұрған мүліктердің сақталуын қамтамасыз етеді, белгіленген тәртіп бойынша кабинет мүліктерін түгендеуге (инвентаризациялауға) және есептен шығаруға қатысады;
- Өз пәні бойынша еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және қайта қарайды (кем дегенде 5 жылда 1 рет), оларды "Шардара" мектеп-лицейі директорына бекітуге ұсынады;
- оқу кабинетінің өрт қауіпсіздігіне арналған мүліктермен, қорғаныстың медициналық және жеке құралдарымен, сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша көрнекі үгітпен жарақтандырылуын қадағалайды;
- оқушыларға еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша өзге педагогтың нұсқама, жөн-жоба беру сабағын өткізеді немесе ұйымдастырады, оны міндетті түрде сынып журналына немесе белгіленген үлгідегі журналға тіркейді;
- "Шардара" мектеп-лицейі оқушылары мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын жағдайлармен байланысты сабақтардың өткізілуіне жол бермейді, бұл туралы директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарына мәлімдейді;
- еңбек қорғау жөніндегі келісімге қосу мақсатында еңбек пен оқу жағдайларын жақсартуға байланысты ұсыныстар енгізеді.

4. Құқықтары:

Мұғалім мыналарға құқылы:

4.1. Мекеме жарғысында белгіленген тәртіпте"Шардара" мектеп-лицейі басқаруға қатысу.

4.2. Кәсіби абырой, намысын қорғауға.

4.3. Өз жұмысына баға берілген арыз-шағымдармен, өзге де құжаттармен танысуға, оларға тиісінше түсінік беруге.

4.4. Мұғалім тарапынан кәсіби этика нормаларының бұзылуына байланысты тәртіптік тергеп-тексеру немесе қызметтік тексеру жағдайында өз мүддесін өзі және (немесе) өкілі, соның ішінде адвокат арқылы қорғауға.

4.5. Заңда қарастырылған кейбір жағдайларды қоспағанда, тәртіптік (қызметтік) тергеп-тексеру құпиялылығының сақталуына.

4.6. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу әдістемелерін, оқу құралдары мен материалдарды, оқулықтарды, оқушылар білімін бағалау әдістерін еркін таңдауға.

4.7. Біліктілігін арттыруға.

4.8. Тиісті біліктілік категориясына ерікті түрде аттестатталуға және аттестациядан ойдағыдай өткен жағдайда оны иеленуге.

4.9. Оқушыларға сабақ пен үзіліс кездерінде сабақты ұйымдастыру мен тәртіп сақтауға қатысты міндетті тапсырмалар беруге, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен

оқушыларды ынталандыру және жазалау туралы ережелерде белгіленген жағдайлар мен реттерде оларды тәртіптік жазаға тартуға.

5. Жауапкершілігі

5.1. ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіп бойынша мұғалім мынаған жауап береді:
- оқу жоспары мен оқу процесі графигіне сәйкес білім беру бағдарламаларының толық көлемде орындалуына;
- білім беру процесі кезінде оқушылардың өмірі мен денсаулығына;
- оқушылардың құқықтары мен еркіндігінің бұзылмауына.

5.2. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, "Шардара" мектеп-лицейі директорының заңды өкімдерін, өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелсіз себептермен орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін мұғалім еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

5.3. Оқушының жеке басына тәрбиенің күштеу және (немесе) психикалық қысым жасау әдісін бір рет те болса қолданғаны үшін, сондай-ақ тіпті басқа да бейморальдық әрекеттері үшін мұғалім ҚР еңбек заңнамаларына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін.
Мұндай әрекеттер үшін жұмыстан босату тәртіптік жауапкершілік шарасы болып табылмайды.

5.4. Өз лауазымдық қызметін атқару (атқармау) кезінде мекемеге келтірген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны үшін мұғалім еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Лауазымы бойынша өзара қарым-қатынас, байланыс

Мұғалім:

6.1. Оқу сабақтары кестесіне, жалпымектептік міндетті де жоспарлы шараларға қатысу мен нормасы белгіленбеген міндетті қызметті (дәптер тексеру, сабақтарға даярлану және т. б.) атқару жөніндегі өз жеке жоспарына сәйкес, бекітілген оқу жүктемелері көлемін орындау режимі бойынша жұмыс істейді.

6.2. Кезекті еңбек демалысына сәйкес келмейтін каникул кезінде "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігі тарапынан каникул басталғанға дейінгі оқу жүктемелерінен аспайтын көлемде педагогикалық, әдістемелік немесе ұйымдық жұмыстарға тартылады. Каникулдағы мұғалім жұмысының графигі "Шардара" мектеп-лицейі директоры бұйрығымен бекітіледі.

6.3. Белгіленген тәртіпке сәйкес уақытша келмей қалған мұғалімнің орынын сағат бойынша және тариф бойынша (орын ауыстыру мерзіміне сәйкес) ақы төлеу шартымен ауыстырады.

6.4. Уақытша келмей қалған өзімен мамандығы бірдей мұғалімдерді немесе сыныптағы мұның пәні бойынша сабақ беруде оқу жоспарынан қалып келе жатқан мұғалімдерді алмастырады.

6.5. "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігінен нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипаттағы материалдарды алады, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

6.6. "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігімен және педагог қызметкерлерімен өз құзыретіне енетін мәселелер бойынша жүйелі түрде ақпарат алмасып отырады.

КЕЛІСІЛДІ

_____/

02.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

_____/

02.09.2024ж

Жалдарбек Ұлжалғас Ә.Ұ. 02.09.2024 ж.
Абдиралий Анар 02.09.2024ж
Исаева Үлбосын 02.09.2024 ж.
Ыманбекова Бибігара 02.09.2024 ж
Мухаметжарова Перизат 02.09.2024ж
Турешбекова Гульнара 02.09.2024ж.
Зиманова Ерке 02.09.2024ж
Вемирова Ғ. 02.09.2024 ж.
Кидирова А 02.09.2024ж
Ибраева Р 02.09.2024 ж
Ерманова Ж 02.09.2024 ж
Азимбаев Ғ. Азиз 02.09.2024 ж.
Сакиев Д 02.09.2024 ж
Үлбетова Э. 02.09.2024 ж.
Сатбекова К.
Даниярова Д.К.
Тұрлыбаева М.Р.
Жамбарбекова З.Ғ.
Ұлжабаева Ж.М.
Месбек А.Ж.
Тұрғынбаева Т
Байбатыр
Ғажият Ғ 02.09.2024 ж.
Мырзанов А.

Тулешова Г. А

Ергин С. Т.

Талатова Р

Амиев М

Ибадуллаева Э

орғ.

перспективаларын айқындайтын норм

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицейі директоры
Сапаров Жанат Ауелтаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
"Шардара" мектеп-лицейі директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 майдағы Еңбек кодексі, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" заңы, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері, жергілікті нормативтік актілер негізінде әзірленді.

1.2. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметке "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан тағайындалады және босатылады.

1.3. Кезекті еңбек демалысына шыққанда немесе уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болғанда оның міндеттері директордың өзге орынбасарларына немесе кіші қызмет көрсетуші персоналдар арасынан неғұрлым тәжірибелі тұлғаға жүктелуі мүмкін. Бұл жағдайда міндеттерді уақытша атқару "Шардара" мектеп-лицейі директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

1.4. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, әдетте, жоғары немесе орта арнаулы білімі және әкімшілік-шаруашылық қызметі немесе басшылық лауазымдары бойынша кем дегенде 3 жыл стажы бар тұлғалар арасынан тағайындалады.
Арнайы даярлығы немесе тиісті жұмыс стажы жоқ, бірақ практикалық тәжірибесі жеткілікті және өзіне тапсырылған міндеттерді сапалы әрі толығымен орындайтын тұлға, ерекшелік ретінде директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарлығына тағайындалуы мүмкін.
Егер "Шардара" мектеп-лицейі штатында электрик болмаса, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары электр қауіпсіздігі жөнінен 4-топтағы қол жеткізілімге ие болуы тиіс.

1.5. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары тікелей "Шардара" мектеп-лицейі директорына бағынады.

1.6. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына кіші қызмет көрсету персоналы, сынып жетекшілері, кабинеттерге шаруашылық мәселелері жөнінен жауапты тұлғалар бағынады.

1.7. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР Президенті жарлықтарын, ҚР Үкіметі мен білім беру ісін басқарушы барлық деңгейдегі органдардың білім беру мекемелері бойынша әкімшілік-шаруашылық мәселелері жөніндегі шешімдерін; еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, сондай-ақ "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерді (соның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, осы лауазымдық нұсқаулықты), еңбек шартын (келсім-шартын) басшылыққа алады.
Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Бала құқықтары туралы конвенцияны сақтайды.

1.8. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары компьютерді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ғаламдық Internet желісін пайдаланудың тиімді тәсілдерін меңгеруі тиіс.

1.9. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметтен босаған кезде "Шардара" мектеп-лицейі директорының бұйрығы бойынша тағайындалған тұлғаға істерді акті бойынша өткізеді. Істерді тапсыру қызметтен босау мезгіліне, жұмысқа жарамсыздық парағының болуына және басқа да себептерге қарамастан 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

2. Функциялары

Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары атқаратын негізгі қызмет бағыттары мыналар болып табылады:

2.1. "Шардара" мектеп-лицейі шаруашылық қызметін ұйымдастыру, оны басқару және бұл қызметтің дамуын қадағалау.

2.2. Оқу процесін материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету.

2.3. Кіші қызмет көрсету персоналы ұжымын басқару.

2.4. Еңбек пен оқудың салауатты және қауіпсіз жағдайлары режимін қамтамасыз ету.

2.5. "Шардара" мектеп-лицейі ғимараты мен орын-жайларын ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіпте ұстау.

2.6. Оқу-тәрбие процесін коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету.

3. Лауазымдық міндеттері

Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары мынадай лауазымдық міндеттерді атқарады:

3.1. Талдайды:

- шаруашылық қажетіне бөлінген қаржылық және материалдық қаражаттың дер кезінде, орнымен және тиімді жұмсалған-жұмсалмағандығын;
- "Шардара" мектеп-лицейі материалдық-техникалық базасының жай-күйін;
- Кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының нәтижесін.

3.2. Болжам жасайды:

- "Шардара" мектеп-лицейі материалдық-техникалық базасын дамыту стратегиясына түзетулер енгізу үшін білім беру ісіндегі қаржы саясаты жағдайларының өзгеру тенденцияларына;
- "Шардара" мектеп-лицейі материалдық-техникалық базасын жетілдіру мен дамыту жөнінде жоспарланған жұмыстардың болашақ салдарлы нәтижелеріне.

3.3. Жоспарлайды және ұйымдастырады:

- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының ағымдағы және перспективалық сипаттарын;
- техникалық және қызмет көрсету персоналдарын жұмыс орнында үйретуді және нұсқамалар беруді (алғашқы және мерзімдік);
- қажетті шаруашылық құжаттамаларын әзірлеуді;
- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының сапасына жүйелі түрде бақылау жасауды;
- "Шардара" мектеп-лицейі өткізілетін емтихандар мен өзге де шаралар үшін орын-жайлар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды;
- территорияны көріктендіру, көгалдандыру және жинап тазалау жұмыстарын;
- "Шардара" мектеп-лицейі оқу кабинеттері мен өзге де орын-жайларын оқытудың заманауи жабдықтарымен, көрнекі және техникалық құралдармен жабдықтау жөніндегі шараларды;
- білім беру процесінде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау жөніндегі жұмыстарды;
- "Шардара" мектеп-лицейі орын-жайларында электр қондырғылары мен электр желілерінің, жерге қосу қондырғыларының оқшаулағыш қарсылық күштерін өлшеу, жылу желісі мен сығымдалған және сұйытылған газ түрлеріне арналған баллондар қысымында жұмыс істейтін сауыттарды мезгілдік сынақтан өткізу мен куәландыру, нормативтік талаптар мен еңбек қорғау ережелері мен нормаларына сәйкес ауа құрамындағы шаң, газ, зиянды заттар буы мөлшерін талдау, жарықты өлшеу, радиацияның, шудың бары-жоғын тексеру шараларын жүргізуді;
- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының қатысуымен оқу кабинеттерін, шеберханаларды, спорт залын, сондай-ақ қосалқы орын-жайларды паспорттау ісін дер кезінде және сапалы жүргізуді;
- медицина мекемесінен алынған материалдар негізінде мезгіл-мезгіл мединалық байқаудан өтіп тұруға тиісті кіші қызмет көрсету персоналы тұлғаларының тізімін жасауды; ол тізімде мерзімдік медициналық байқаудан өту қажеттігі себебін, яғни факторын көрсетуді;
- "Шардара" мектеп-лицейі мүліктерін инвентарлық есепке алуды; мүліктерге инвентаризация жасап, есеп беру құжаттарын дер кезінде жасайды, өзіне бекітілген

жұмыс учаскесі бойынша құжаттама жүргізеді;

- материалдық жауапты тұлғалардың материалдық жабдықтарды дер кезінде есептен шығару жұмыстарын;
- кем дегенде 5 жылда 1 рет техникалық персоналға арналған жұмыс түрлері бойынша еңбек қорғау жөніндегі нұсқаулықтар әзірлеуді ұйымдастырады;
- "Шардара" мектеп-лицейі ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастырады.

3.4. Үйлестіреді және жүргізеді:

- қажетті шаруашылық құжаттамаларын;
- "Шардара" мектеп-лицейі кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстары мен "Шардара" мектеп-лицейі жөндеу және материалдық-техникалық жарақтандыру ісін атқарушы сырт ұйымдар өкілдері қызметін;
- бухгалтериямен бірлесе отырып материалдық жабдықтардың есептен дер кезінде және дұрыс шығарылуын;
- техникалық персоналдың жұмыс уақыттарын есепке алуды;
- мемлекеттік сатып алу жөніндегі шарттарды.

3.5. Басқарады:

- "Шардара" мектеп-лицейі шаруашылық қызметін;
- территорияны көріктендіру, көгалдандыру және жинап тазалау жұмыстарын;
- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарын;
- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының ынталандырылу жүйесін жүзеге асыруды.

3.6. Бақылайды:

- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының сапасын;
- "Шардара" мектеп-лицейі материалдық жабдықтау көздерінің (жиһаздар, жабдықтар, материалдар, су, электр және жылу энергиялары, шаруашылық қажеттірне бөлінген қаржы қаражаттары және т. б.) тиімді жұмсалуын;
- білім беру процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, приборлардың, техникалық және көрнекі оқыту құралдарының қауіпсіздігін;
- шарт бойынша жүргізілетін "Шардара" мектеп-лицейі жөндеу, техникалық қызмет көрсету, материалдық-техникалық жарақтандыру жұмыстарының сапалы және дер кезінде атқарылуын;
- бухгалтериямен бірлесе отырып материалдық жабдықтардың есептен дер кезінде және дұрыс шығарылуын;
- "Шардара" мектеп-лицейі ғимаратының, жабдықты орындарының, сыныптарының, оқу кабинеттерінің, шеберханаларының, спорт залының, басқа да орын-жайлары мен мүліктерінің, медициналық кабинеттің, асхананың, буфеттің тіршілік қауіпсіздігі нормалары мен ережелеріне сәйкес тиісті техникалық және санитарлық-гигиеналық жағдайда ұсталуын, қажетінше күтім жасалуын;
- судың, электр энергиясының, жылудың жұмсалу шығынын есептеу приборлары көрсеткіштері негізінде тексеріп, жоғары тұрған және бақылаушы мамандандырылған ұйымдарға белгіленген нормамен сәйкестік жөнінде салыстырып тексеру актісін тапсырады.

3.7. "Шардара" мектеп-лицейі жөндеу жүргізу, күтім жасау және жарақтандыру жұмыстарының орындалу барысына **түзетулер енгізеді.**

3.8. Әзірлейді:

- өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттамаларды;
- "Шардара" мектеп-лицейі шаруашылық дербестігін кеңейту, коммуналдық және басқа қызмет көрсету түрлері бойынша дер кезінде қажетті шарт жасау жөнінде тиісті шаралар.

3.9. Қамтамасыз етеді:

- техникалық күтім жасау, жарақтандыру, жөндеу жұмыстары бойынша қажетті шаруашылық шарттарының дер кезінде және орнымен жасалуын;
- материалдық-техникалық жарақтар мен жабдықтар алуға есептік шоттардың дер кезінде, дұрыс ресімделуін және уақтылы алынуын;
- оқу кабинеттері, шеберханалар, тұрмыстық, шаруашылық және басқа орын-жайлар

үшін тіршілік қауіпсіздігі ережелері мен нормаларына, еңбек қауіпсіздігі стандарттарына сай, кеңсе заттарының, жұмсалатын материалдардың, жуу құралдарының, жабдықтар мен инвентарлардың дер кезінде алынуын;

- "Шардара" мектеп-лицейі территориясында ауыр нәрселер тасымалдау, түсіру-тиеу жұмыстарын атқару кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын;
- "Шардара" мектеп-лицейі негізгі ғимараты мен өзге де орын-жайларын, технологиялық, энергетикалық жабдықтарын пайдалану кезінде еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын; олардың мезгілімен тексеріліп, бақыланылуын;
- "Шардара" мектеп-лицейі жаңа оқу жылына дер кезінде дайын болуын;
- шығын сметасында қарастырылған жергілікті бюджет қаржысы есебінен "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігін кеңсе тауарларымен, күнделікті қолданылатын шаруашылық заттарымен;
- "Шардара" мектеп-лицейі материалдық құндылықтарының, мүліктерінің, жиһаздары мен инвентарларының ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікпен сақталуын;
- өрт қауіпсіздігі инвентарларының есебі алынуын және сақталуын, жұмсақ және қатқыл инвентарлардың құрғатылуын, жуылуын және жөнделуін.

4. Құқықтары

Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары өз құзіреті аясында мыналарға құқылы:

4.1. Қатынасуға:
- кіші қызмет көрсету персоналы кадрларын іріктеуге және орналастыруға;
- жұмыс орындарын аттестаттау жөніндегі комиссия жұмысына;
- "Шардара" мектеп-лицейі әріптестерімен материалдық-техникалық жарақтандыру және техникалық қызмет көрсету жөнінде келіссөздер жүргізуге.

4.2. "Шардара" мектеп-лицейі техникалық және қызмет көрсету персоналдары қатарынан өзіне қарасты жұмыскерлерге орындалуы міндетті өкімдер мен нұсқамалар беруге.

4.3. Директордың оқу және тәрбие істері жөніндегі орынбасарларына Оқушыларды ынталандыру және жазалау туралы ережелерде белгіленген ретпен оқу-тәрбие процестеріне іріткі салатын теріс қылық жасаушы оқушыларды тәртіптік жазаға тарту жөнінде ұсыныс жасауға.

4.4. Кіші қызмет көрсетуші персоналдың кез келген жұмыс түрін атқаруы кезінде оған қатынасуға.

4.5. "Шардара" мектеп-лицейі директорына мектеп қызметкерлерін мүлкін бүлдіргені және еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс тапсыруға.

4.6. "Шардара" мектеп-лицейі материалдық-техникалық жарақтандырылуын жетілдіруге көмек бере алатын тұлғалармен және ұйымдармен мектеп атынан іскерлік қарым-қатынас орнатуға.

4.7. "Шардара" мектеп-лицейі директоры уақытша орнында болмаған кездерде (кезекті еңбек демалысына шыққанда, ауырып қалғанда және т. б. жағдайларда) оның міндеттерін атқаруға.

Міндеттерді атқару директордың бұйрығы негізінде, ҚР заңнамаларына, "Шардара" мектеп-лицейі жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4.8. Мүліктердің бүтіндігін, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен еңбек қорғау ережелерінің сақталуын бақылау үшін "Шардара" мектеп-лицейітің кез келген орын-жайына, білім беру процесінің қалыпты ағымын бұзбастан, кедергісіз кіруге.

4.9. Техникалық және қызмет көрсету персоналы еңбегін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныс ендіруге, жұмыскерлердің бұл категориясын наградаларға және ынталандыру сыйлықтарына ұсынуға.

4.10. "Шардара" мектеп-лицейі директорының кіші қызмет көрсету персоналы қызметін ұйымдастыру мәселелеріне байланысты бұйрықтарына виза қоюға.

4.11. Өз біліктілігін арттыруға.

5. Жауапкершілігі

5.1. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары "Шардара" мектеп-лицейі мүліктері мен шаруашылық инвентарларының сақталуына, олардың дер кезінде қайта жаңартылып, толықтырылып отыруына, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша заң жүзінде белгіленген ережелердің орындалуына жауап береді.

5.2. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, "Шардара" мектеп-лицейі директорының заңды өкімдерін және жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта қарастырылған лауазымдық міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны, соның ішінде өзіне берілген құқықты пайдаланбағаны үшін директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Еңбек міндеттерін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза ретінде қызметінен босатылуы мүмкін.

5.3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өрт қауіпсіздігі, еңбек қорғау, санитария-гигиена ережелерін бұзғаны үшін директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары әкімшілік заңнамаларында қарастырылған тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

5.4. Өз лауазымдық міндеттерін атқару (атқармау) кезінде"Шардара" мектеп-лицейі немесе білім беру процесіне қатысушыларға келтірген зияны үшін директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары еңбек заңнамасында және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген тәртіп пен көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Өзара қарым-қатынас. Лауазым бойынша байланыстар

Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары:

6.1. сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалып, "Шардара" мектеп-лицейі директоры бекіткен график бойынша нормаланбаған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.

6.2. Өз жұмысын әр оқу жылына және әр оқу тоқсанына арнап дербес жоспарлайды. Жұмыс жоспары "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан жоспарлы кезеңнің басталуына кем дегенде бес күн қалғанға дейін бекітіледі.

6.3. Оқу тоқсаны аяқталған соң 10 күн ішінде директорға өз қызметі туралы машинкамен басылғанда бес беттен аспайтын көлемде жазбаша есеп тапсырады.

6.4. Әр түрлі деңгейдегі кеңестер мен семинарлардан алған ақпараттарын сол бойда тікелей директорға табыс етеді.

6.5. "Шардара" мектеп-лицейі директорынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алады, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

6.6. Директордың әкімшілік-шаруашылық қызметі мәселелері бойынша бұйрықтарына виза қояды.

6.7. Өз құзырына енетін мәселелер бойынша "Шардара" мектеп-лицейі қызметкерлерімен, оқу-тәрбие процесін материалдық-техникалық және коммуналдық қамтамасыз ету мәселелері бойынша санитарлық-эпидемиологиялық станциямен, өрт қауіпсіздігі, медициналық қызмет көрсету, апат қызметі орындарымен жүйелі түрде ақпарат алмасып отырады.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Д. Ақпаев

02.09.2024ж

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей
директоры _____ Сағаров Жанат Ауельтаевич
02.09.2024ж

«Шардара» мектеп-лицейі
жұмысшысына арналған қауіпсіздік техникасы жөніндегі

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Осы нұсқаулықты қатаң сақтау.
2. Бүкіл жұмыс құралдарын реттестіру және балға, ара, балтаны жұмыс жағдайында ұстау.
3. Жұмыс уақытында электр аспаптарын тұрмыстық мақсатта пайдаланбау.
4. Жұмыс құралдарын шашып тастамау және мектеп аумағында қалдырмау.
5. Жұмыста сатыны пайдалану кезінде оның қозғалмауын тексеру, мүмкін болған жағдайда сақтандырғышпен жұмыс істеу.
6. Электротехникалық жұмыстарды өз бетінше орындалу рұқсат болса ғана орындау.
7. Барлық бұзылу, сыну жағдайлары туралы мектеп әкімшілігіне тез арада хабарлау.
8. Қыста қар, мұз тазалау кезінде абай болу олардың көзге немесе басқа түспеуін қадағалау.
9. Терезелерге әйнек қою кезінде, әйнек кесу үшін шыны кескішті пайдаланып, абай болу.

Нұсқаулықпен таныстым _____

«02» 09 2024 ж.

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей директоры
Сапаров Жанат Аусльтаевич
01.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Аула тазалаушы

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық ҚР Еңбек министрлігі тарапынан 1993 жылы 4 қаңтарда шығарылған № 21 және 1993 жылы 27 шілдеде шығарылған № 39 қаулылар арқылы бекітілген жалпысалалық кәсіптер бойынша тарифтік-квалификациялық сипаттамалар негізінде жасалды.

1.2. Аула тазалаушы жұмысқа "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан, оның шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынысымен, біліміне және жұмыс стажына талап қойылмастан қабылданады және босатылады.

1.3. Аула тазалаушы тікелей директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Аула тазалаушы өз жұмысында мыналарды басшылыққа алады:

- "Шардара" мектеп-лицейі территориясын тазалықта ұстау жөніндегі санитариялық, гигиналық ережелерді;
- күтіміндегі жабдықтар мен құрылғылардың жұмыс істеу ережесін;
- жинап тазалау тәртібін;
- техникалық инвентарларды қауіпсіз пайдалану ережелерін;
- жалпы еңбек қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, сондай-ақ жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін және осы нұсқаулықты.

2. Функциялары

Аула тазалаушы қызметінің негізгі бағыты – "Шардара" мектеп-лицейі территориясындағы өзіне бекітілген учаскенің тиісті санитарлық жағдайда және тәртіпте ұсталуын қамтамасыз ету.

3. Лауазымдық міндеттері

Аула тазалаушы мынадай міндеттерді атқарады:

3.1. "Шардара" мектеп-лицейі территорясындағы өзіне бекітілген учаскені, соның ішінде ғимаратқа кіре берісті, кіретін және шығатын жолдарды балалар келгенше 30 минут бұрын жинап тазалайды.

3.2. Техникалық инвентарлар көмегімен "Шардара" мектеп-лицейі территорясындағы өзіне бекітілген учаскені сыпырып тазалайды, қоқыстарын шығарады.

3.3. "Шардара" мектеп-лицейі территорясында санитарлық және гигиеналық ережелерді сақтайды.

3.4. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.

3.5. Бекітілген учаскесінде тәртіп сақталуын қадағалайды, оқушылар тарапынан тәртіптің өрескел бұзылуына жол бермес үшін әдепті түрде оның алдын алып отырады, егер олар заңды талаптарға бағынбаған жағдайда бұл туралы кезекші педагогқа хабарлайды.

3.6. Әрбір жұмыс күнінің басында және аяғында жабдықтардың, құлыптар мен өзге де бекіту қондырғыларының, терезе әйнектерінің бүтіндігін тексеру мақсатында өзіне бекітілген учаскені аралап шығады.

3.7. Қысқы уақыттары спорттық-ойын алаңдары, жүргінші жолдар, баспалдақтар күн сайын қардан, мұздан тазартылып, құм себіліп жатуы тиіс.

4. Құқықтары

Аула тазалаушы мыналарға құқылы:

4.1. Техникалық инвентарлар алуға және оларды сақтайтын орын бөлдіруге.

4.2. Белгіленген нормалар бойынша арнаулы киімдер алуға.

5. Жауапкершілігі

5.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережесін, "Шардара" мектеп-лицейі директорының заңды өкімдері мен өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін аула тазалаушы еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

5.2. Өз лауазымдық міндеттерін атқару (атқармау) барысында"Шардара" мектеп-лицейі келтірген зияны немесе білім беру процесіне қатысушыларға тигізген залалы үшін аула тазалаушы еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда бегіленген рет пен көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Қарым-қатынас. Қызметтік байланыстар

Аула тазалаушы:

6.1. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынып, "Шардара" мектеп-лицейі директоры бекіткен сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график бойынша, нормаланған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.

6.2. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары басшылығымен санитария және гигиена ережелері, жинап тазалау, техникалық инвентарларды қауіпсіз қолдану, сондай-ақ еңбек қорғау мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары жөнінде нұсқаулықтар алады.

6.3. Жиналып тазаланатын учаскеде электрлік және санитарлық-гигиеналық жабдықтардың дұрыс жұмыс істемеуі, есіктердің, құлыптардың, әйнектердің, бекіткіш тетіктердің және т. б. сынуы, бүлінуі туралы тез арада ғимарат, құрылыс және жабдықтар күтіміне қарап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшыға хабарлайды.

КЕЛІСІЛДІ

_____/

01.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

_____/

01.09.2024ж

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей директоры
Сатаров Жанат Ауельтаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға жөніндегі жұмысшы

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251-Ш Еңбек кодексі, ҚР Еңбек министрлігінің 1993 жылғы 4 қаңтардағы № 21 және 1993 жылғы 27 шілдедегі № 39 қаулыларымен бекітілген 2–3-разрядтардағы "ғимараттарға кешенді қызмет көрсетуші және жөндеуші жұмысшы" кәсібінің тарифтік-біліктілік сипаттамасы,"Шардара" мектеп-лицейі Ішкі еңбек тәртібі ережелері, жергілікті нормативтік актілері негізінде әзірленді.

1.2. Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы 18 жастан асқан тұлғалар арасынан білімі мен жұмыс тәжірибесіне талап қойылмастан "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары ұсынысымен қабылданады және босатылады.

1.3. Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы тікелей директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы өз ісінде мыналарды басшылыққа алады:

- Ғимараттардың санитариясы, абаттандырылуы, сыртқы көрінісі мен жай-күйі жөніндегі жергілікті органдардың қаулыларын;
- көшелер, тұрғын-жайлар күтімінің, қоқыс салғыштар т. б. ұстаудың санитариялық және гигиеналық ережелерін;
- күтімге алынған жабдықтарды пайдалану ережелерін;
- жинап тазалау, жөндеу-құрылыс, слесарлық, электротехникалық және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін;
- еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;
- жарғы мен Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, осы нұсқаулықты.

2. Функциялары

Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

2.1. "Шардара" мектеп-лицейі ғимараты мен оның территориясы күтімін тиісті қалыпта ұстау.

2.2. "Шардара" мектеп-лицейі қалыпты қызметін қамтамасыз ететін орталық жылу, сумен, жылумен, газбен және энергиямен жабдықтау, канализация, суағар, желдеткіш, ауа алмастыру жүйелерін жұмыс жағдайында ұстау.

2.3. Әртүрлі бағыттағы ғимараттар мен мектеп мүліктерінің ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.

3. Лауазымдық міндеттері

Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы мынадай міндеттерді атқарады:

3.1. Күтімге алынған ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтар мен механизмдерді маусымдық дайындықтардан өткізеді.

3.2. "Шардара" мектеп-лицейі қызметкерлерінің тапсырыстары бойынша зақымданған, бүлінген ақаулықтарды қалпына келтіреді.

3.3. Күтімге алынған ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтар мен механизмдерді мезгіл-мезгіл байқаудан өткізеді, оларға техникалық күтім жасап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл орайда тақтай төсемдерді, тіректерді, аспалы және басқа сақтық, қауіпсіздік және көтергіш құрылғыларды пайдалана отырып жөндеу-құрылыс жұмыстарының барлық түрін (сылау, бояу, түс қағаздар жапсыру, бетон құю,

балташылық, ағаш бұйымдарын жасау т. б.) атқарады.

3.4. Орталық жылу, сумен, жылумен, газбен жабдықтау, канализация, суағар, желдеткіш, ауа алмастыру жүйелерін және басқа да жабдықтарды, механизмдер мен конструкцияларды слесарлық, дәнекерлік жұмыстар бойынша ағымдағы жөндеуден өткізеді және оларға техникалық күтім шараларын жүргізеді.

3.5. Электротехникалық жұмыстарды орындаумен қатар электр желілері мен электр жабдықтарын монтаждау, бөлектеу (демонтаж) және ағымдағы жөндеуден өткізу шараларын атқарады.

3.6. Құрылыс-жөндеу, слесарлық, электротехникалық және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу технологиясын, ғимараттарды, жабдықтарды, механизмдерді, машиналарды, құрылыстарды пайдалану мен күтіп ұстау тәртібін, еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.

4. Құқықтары

Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы мыналарға құқылы:

4.1. Белгіленген норма бойынша тиісті жабдықтармен, құрал-саймандармен, материалдармен, жеке қорғаныс құралдарымен және арнаулы киіммен қамтамасыз етілуге.

4.2. Ақауы бар қауіпті объектілерді (жабдықтарды, машиналарды, механизмдерді, приборларды, конструкцияларды және т. б.) пайдалануға тыйым салуға.

4.3. Тиісті қауіпсіздік шаралары қарастырылмаған немесе (және) ондай шараларды қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда адам өмірі мен денсаулығына қауіпті жұмыстарды атқарудан бас тартуға.

5. Жауапкершілігі

– 5.1. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігінің заңды бұйрықтары мен өкімдерін және өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерді дәлелсіз себептермен орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

– 5.2. Өз лауазымдық қызметін атқару (атқармау) кезінде"Шардара" мектеп-лицейі келтірген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны үшін ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген тәртіп пен көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

6. Өзара қарым-қатынас және жұмыс бабындағы байланыстар

Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы:

6.1. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынып, "Шардара" мектеп-лицейі директоры бекіткен сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график бойынша, нормаланған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.

6.2. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары басшылығымен еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар алады.

КЕЛІСІЛДІ _____

02.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

_____

02.09.2024ж

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицей
директоры Жанат Исаларов Ауельтаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Электрик Тилеулиев Жұмахан

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Электрик жұмысшылар санатына жатады.

1.2. Бұл лауазымға тағайындау және босату "Шардара" мектеп-лицейі директоры тарапынан директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынысымен жүзеге асырылады.

1.3. Электрик тікелей директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.4. Біліктілік талаптары.
Электрик лауазымына бұл мамандық бойынша бастауыш кәсіби немесе орта білімі, кем дегенде 5 жыл жұмыс стажы бар тұлғалар тағайындалады. Электрик санаты 1000 В-қа дейінгі 4-қауіпсіздік тобынан төмен болмауы тиіс.

2. Функциялары

Электрик қызметінің негізгі бағыты "Шардара" мектеп-лицейі электр жабдықтарының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

3. Лауазымдық міндеттері

Электрик мынадай лауазымдық міндеттерді атқарады:

3.1. Қызмет көрсететін қондырғылар мен электр жабдықтарының жөндемді жағдайда, қауіпсіз және сенімді жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етеді.

3.2. Жаңа электр желілерін монтаждайды.

3.3. Жабдықтардың электрлік бөліктеріне белгіленген графикке сәйкес жоспарлы-алдын алу бағытындағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

3.4. Тозу себептерін айқындайды, олардың алдын алу және ретке келтіру шараларын қолданады.

3.5. "Шардара" мектеп-лицейі ТП-2 трансформаторы мен электр желілерінің техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға, қолданыстағы техникалық шарттар мен нормаларға сәйкес дұрыс пайдаланылуын, жөндеу жұмыстарының дер кезінде әрі сапалы жүргізілуін қамтамасыз етеді.

3.6. Қондырғылар жұмысындағы ауытқуларды жояды, оларды жөндейді, мотаждайды, реттейді.

3.7. Ішкі еңбек тәртібі ережелері мен техникалық персонал жұмысы режимін сақтайды.

3.8. Қолданыстағы нұсқаулықтарға сәйкес еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.

4. Құқықтары

Электрик мыналарға құқылы:

4.1. "Шардара" мектеп-лицейі директорының қарауына кәсіпорын мен оның бөлімшелеріндегі электрлік қызмет көрсету ісін жақсарту, технологиялық процестерді жақсарту, қондырғылар мен жабдықтарды жетілдіру, еңбек эстетикасын көтеру бағытында ұсыныстар ендіруге.

4.2. Қалыпты еңбек жағдайларының жасалуын қамтамасыз етуді талап етуге.

4.3. Жоғары тұрған ұйымдардың әдіскер-энергетигінен учаскеде пайда болған жұмыстың жаңа түрлері туралы ақпараттар мен нұсқаулықтар алуға.

4.4. Әкімшіліктен еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын талап етуге.

4.5. Қолданыстағы нормаларға сәйкес арнаулы киімдермен қамтамасыз етуді талап етуге.

5. Жауапкершілігі

Электрик мыналарға жауап береді:

5.1. Жабдықтардың электр қауіпсіздігі жөнінен дұрыс пайдаланылуына.

5.2. Жоспарлы-алдын алу мақсатындағы жөндеу жұмыстарының дер кезінде және сапалы жүргізілуіне, электрик кінәсінен жабдықтардың бос тұрып қалуына.

5.3. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына.

5.4. Жұмыс орнын таза және тәртіппен ұстауға.

5.5. Өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамаларында белгіленген шектерде.

5.6. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасаған құқық бұзушылықтары үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларында белгіленген шектерде.

5.7. Келтірген материалдық залалы үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамаларында белгіленген шектерде.

6. Қарым-қатынас және лауазымдық байланыстар

6.1. Өзара әрекеттестік:

- директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасарымен;
- технология мұғалімімен;
- "Шардара" мектеп-лицейі техникалық персоналымен бірлесіп әрекет ету бағытында өзара қарым-қатынаста болады.

6.2. сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график бойынша, нормаланған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.

6.3. "Шардара" мектеп-лицейі жұмыс жоспарын ескере отырып өз жұмысын әрбір оқу тоқсанына және әрбір жұмыс күніне арнап дербес жоспарлайды.

6.4. Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасарына қажетті ақпараттар мен есептік құжаттамаларды дер кезінде тапсырып отырады.

6.5. Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасарынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алып, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

6.6. Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары басшылығымен қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама, жөн-жоба алады.

КЕЛІСІЛДІ

_____/

02.09.2024ж

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

_____/ Пиязлиев Ж.

02.09.2024ж

БЕКІТЕМІН
"Шардара" мектеп-лицейі директоры
Сатаров Жанат Аусльтаевич
02.09.2024ж

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ
Гардеробшы

Шардара қаласы

1. Жалпы ережелер

1.1. Гардеробшы жұмысқа кәмелетке толған тұлғалар арасынан, білімі мен жұмыс тәжірибесіне талап қойылмастан "Шардара" мектеп-лицейі директорының бұйрығы бойынша тағайындалады және босатылады.

1.2. Гардеробшы тікелей директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына бағынады.

2. Міндеттері

Гардеробшы мынадай міндеттерді атқарады:

- "Шардара" мектеп-лицейі оқушыларының, қызметкерлері мен келушілерінің сыртқы киімдерін, бас киімдері мен басқа да жеке заттарын сақтауға қабылдайды;
- оқушыларға, қызметкерлерге және келушілерге заттарының сақталған орыны бойынша нөмірі көрсетілген жетон береді;
- жетон ұсынған оқушыларға, қызметкерлерге және келушілерге киімдері мен басқа да заттарын қайтарып береді;
- қажет болған жағдайда шешінуге, киінуге көмектеседі, киімді тазартады;
- тапсырылған заттардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- гардероб орын-жайын тазалық пен тәртіпте ұстайды;
- гардеробқа келуші адамдар, оқушылар мен қызметкерлер болмаса, "Шардара" мектеп-лицейі кіре беріс есігінің алдында кезекшілік етеді.

3. Құқықтары

Гардеробшы мынадай құқықтарға ие:

- "Шардара" мектеп-лицейі әкімшілігінен өз еңбек міндеттерін атқаруға қолайлы жағдай жасауды талап етуге;
- қызметкерлерден, білім алушылардан және өзге де тұлғалардан гардеробты пайдалану тәртібін сақтауды талап етуге.

4. Жауапкершілігі

4.1. Гардеробшы осы нұсқаулықтың 2-тармағында қарастырылған міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, сондай-ақ ішкі еңбек тәртібі ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

4.2. Сақтауға тапсырылған заттар жоғалған немесе бүлінген жағдайда, бұл оның кінәсінен еместігі дәлелденбесе, гардеробшы "Шардара" мектеп-лицейі жасалған жазбаша шарттың негізінде толық материалдық жауапкершілікке тартылады.

КЕЛІСІЛДІ

_____/

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: _____

02.09.2024

Мусаниева Ф.